



Бюджеттің беттерге жіктеліп бөлінуі  
21, 25, 27, 30, 33, 36, 38, 41

Қысқаша баяндалуы:

Мына салаларда шетелдік сауданы (әсіресе, аймақтық сауданы) дамыту, техникалық көмек көрсету арқылы бағдарламаға қатысушы бес елдің бәсекелес қабілеттілігін арттыру және көп тарапты сауда жүйесіне (КСЖ) ықпалдасуға қол жеткізу болып табылады: шетелдік сауда стратегиясын әзірлеу; сауданың дамуын ынталандыратын қызметтер; кәсіпкерліктің дамуын ынталандыратын қызметтер; жеке секторға берулер ұйымдастыру; қоғамдық секторды техникалық жасақтау; экспортты сапалық басқару.

Мына салалар (модульдер) кіретін, SECO және ІТC мақұлдаған негізде техникалық көмек көрсетудің тұтастай бағдарламасы әзірленді:

- 1-модуль: Орта Азияда ішкі аймақтық сауданы дамыту
- 2-модуль: шетелдік сауданың стратегиясы - электронды сауданы қоса алғанда, ұлттық экспортты дамыту
- 3-модуль: сауданы дамытатын институттарды (Trade support institutions, TSI) қоса алғанда, көп жақты сауда жүйесімен (КСЖ) байланыстарды жүзеге асыру үшін Шағын және орта бизнестің (ШОБ) ресурстық орталықтарын құру
- 4-модуль: жеке және қоғамдық секторларды жарартау
- 5-модуль: сапалық басқару
- 6-модуль: сауда саласында ақпарат жүйесін дамыту

Осы құжаттың II қосымшасында жоғарыда аталған модульдердің қысқаша баяндалуы келтірілген.

Ұлттық деңгейдегі бірлескен және өзара байланысты қызметте және жалпы аймақтық ауқымда осы жобаның мейлінше оңтайлы нәтижелеріне қол жеткізілетін болады. Бағдарламаның басты кезеңінің нақты жедел міндеттері алдын ала кезеңде әзірленетін және байқаудан өтетін болады. Жетінші модуль - жобаны басқаруды ұйымдастыру, оның штаб-пәтерін белгілеу және Бағдарламаны әзірлеу.

Қолы Күні Аты/Лауазымы

Швейцария: \_\_\_\_\_

Қазақстан: \_\_\_\_\_

үкіметінің  
өкілдері

ІТC UNCTAD/WTO: \_\_\_\_\_

өкілі

## **А. ШАРТЫ ЖӘНЕ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР**

SECO Халықаралық сауда орталығына (ІТС) Орта Азияның бес елі, Бреттон Вуд институты жанындағы швейцар жобасының, Қазақстаннан басқа, қатысушылары, Тәуелсіз мемлекеттер достастығының (ТМД) мүшелері - Өзбекстанның, Түрікменстанның, Қырғызстанның және Қазақстанның саудалық дамуын ынталандыру процесіне техникалық жәрдем бағдарламасын әзірлеуді тапсырды ІТС-ың осы тапсырмасының негізі 2000 жылдың соңында Швейцарияның және жоғарыда аталған елдердің үкіметтері арасында болған және олардың саудадағы басымды міндеттерін және мұқтаждықтарын шешуге арналған екі жақты дәйекті келіссөздерде қаланған болатын. Бағдарламаның басты мақсаты осы елдердің көп тарапты сауда қатынастары жүйесіне табысты ықпалдасуына қол жеткізу болып табылады.

Осы Бағдарламаны іске асырудың стратегиялық бағыттарын, қызметі түрлерін егжей-тегжейлі әзірлеуден және жекелеген кезеңдерінен тұратын тұжырымдама үкімет тапсырмасының нәтижесіне айналды. Бағдарламаны талқылауға SECO-ың ресми тұлғалары қатысты және Берне олармен бірқатар консультативтік кездесулерден кейін және олардың осы Бағдарлама принциптерін мақұлдауы бойынша Terms of reference, TOR әзірледі. TOR мәтіні Бағдарламаны іске асырудың әртүрлі үш кезеңіндегі ішкі қажеттерінің, нақты мүмкіндіктері мен бағыттарының негізделуінен тұрады: i) алдын ала кезең, ii) істің белсенді кезеңі және iii) жедел міндеттер сияқты, тұтыныстары мен ықтимал мүмкіндіктерінің одан әрі белгіленуі шешілуге тиісті алғашқы кезең. 2001 жылғы 24 маусымнан 5 шілде аралығы кезеңінде төрт елде (Өзбекстан, Қазақстан, Қырғызстан және Тәжікстан) мемлекеттік деңгейде алдын ала кезең бойынша жұмыс жүргізілді және үш елде (Қазақстан, Қырғызстан және Өзбекстанда) миссияны белсендету жөнінде SECO-мен бірлескен жұмыс табысты жүргізілді.

Ұлттық үкіметтердің, олардың қоғамдық, жеке және дәнекер ұйымдарының өкілдерімен өкілдік ісін белсенді ету кезеңінде осы бағдарламаның негізгі ережелері қаралған консультативтік кеңестер өткізілді. Тараптар Бағдарламаның негізгі құрамдастарын ұғынуда бірауыздылыққа келді және оның негізгі ережелерінің негізділігін қуаттады. Осы кеңестер барысында елдер орталық азия аймағында сауданы дамыту Бағдарламасының принциптік ережелеріне бекемдіктерін білдірді.

Үш мемлекеттің үкіметтері және іскер топтары осы бағдарламаның іс-қимылының негізгі үш саласын мақұлдауын және техникалық жәрдемнің қажеттілігіне түсіністігін білдірді. Бұл салалар - сапалық басқарудың ресурстық орталығын, көп тарапты сауда жүйесімен (КСЖ) байланыстарды жүзеге асыру үшін ШОБ ресурстық орталығын құру және ұлттық экспортты дамыту стратегияларын әзірлеу. Қазақстан және Қырғызстан үкіметтері іс-қимылдың басқа екі саласын, нақты алғанда: ішкі - аймақтық сауданы және қоғамдық және жеке секторды техникалық жарактауды өте жоғары бағалады, Өзбекстан үкіметі болса, ықтимал техникалық ынтымақтастық саласынан мемлекеттік

және жеке секторды бір жақты шығарып тастады. Ол сондай-ақ, аймақтық экономикалық ынтымақтастық мәселесінде де қалыс қалып, өз ұстанымын осы салада жұмыс істеген көптеген дәнекер ұйымдардың, бұл ретте, ішкі аймақтық саудада өзін-өзі көрсетерлік ойдағыдай табыстарға жетпегендігімен түсіндірді.

Үкіметтердің өкілдері сауда ақпаратының және осымен байланысты қызметтер желісінің өткір қажеттілігін жақтады, сондай-ақ техникалық жәрдем көрсетуді сұрады. Жеке меншік секторларының өкілдері де осындай пікір білдірді. Осы саладағы көмек Швейцария үкіметі қазірдің өзінде қаржыландырып отырған жобалар шеңберінде Қазақстан мен Қырғызстанға беріліп отырған көмектің қисынды жалғасы болар еді. Сонымен қатар, техникалық көмек көрсетудің мүмкін салаларының бірі ретінде қаралған, сауданы электрондандыру қажеттілігі аталды.

Егер, сауда ақпараттамасының жүйесін жолға қоюдағы көмек көрсету техникалық жәрдем Бағдарламасының жеке бір бұтағын құраса, сауданы электрондандыру осы бағдарламаның екінші тармағының құрамдас бөлігі, нақты алғанда: ұлттық сауданы дамыту стратегияларын әзірлеу және іс жүзіне асыру болады.

Өкілдікті белсенді ету кезеңінде қол жеткен және 2001 жылғы 2 тамыздағы ІТC/DTCC/01/2593 баяндамасында айтылған нәтижелер, SECO үшін техникалық құжаттамалар, сондай-ақ төрт ел бойынша (Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан және Өзбекстан) ІТC консультанттарының баяндамалары жоба қосымшасының алты негізгі саласы әзірленген негізге айналды.

- Орта Азияда ішкі аймақтық сауданы дамыту;
- Шетелдік сауда стратегиясы - ұлттық экспортты дамыту;
  - электронды сауда;
- Сауданың дамуын ынталандыратын институттарды (Trade support institutions, TSI) қоса алғанда, көп тарапты сауда жүйесімен (КСЖ) байланыстарды жүзеге асыру үшін ШОБ ресурстық орталықтарын құру;
  - Жеке және қоғамдық секторларды жарақтау;
  - Сапалық басқару үшін ресурстық орталықтар құру;
  - Сауда саласында ақпарат жүйесін дамыту.

Ұзақ мерзімді мақсатқа қол жеткізу процесінде - ішкі аймақтық сауданы дамытуда - көбіне, оңайлыққа түспейтін қысқа мерзімді міндеттерді де шешу қажет. Осы елдердегі жергілікті кәсіпкерлердің дағдылы қызмет тәжірибелерін назарға алу маңызды. Өзінің түпкі мақсаты ретінде ішкі аймақтық сауданы дамыту міндетін мүмкіндігінше сақтай отырып, Бағдарламаны жүзеге асырудың барлық кезеңінде әзірленген амалдар осы дағдыны ескере отырып түзетілуге тиісті. Мұндай амал жобаға қатысушы әрбір елдің сыртқы және ішкі аймақтық саудасының маңызды басымдықтары мен қажеттерін бөле көрсетуге мүмкіндік береді.

Жобаны жоспарлауға және жүзеге асыруға қатысатын біртұтас аймақаралық сауда органы - Мемлекетаралық Кеңес жалпы аймақтық мүдделерді қамтамасыз етуге ықпал

ететін болады. Техникалық мүмкіндіксіз бұл орган көмекші орган ретінде жұмыс істейтін болады, оның жұмысы ұлттық сауда операцияларының аймақтық деңгейге шығуына ықпал етуге тиісті болады. Мемлекетаралық Кеңес барлық елдерде танылған және жоғары деңгейде аймақтық іс-шаралар саласында өз мүмкіндіктерін дәлелдеуде.

Қазақстан, Қырғызстан және Өзбекстан республикаларының үкіметтері сияқты Мемлекетаралық Кеңес аймақтағы сауданы дамыту Бағдарламасына бекемділігін қ у а т т а у д а .

Бағдарламаны жүзеге асырудың алғашқы кезеңінде-ақ тиімді басқару құрылымы жасалатын болады. Мұндай құрылымға әрбір қатысушы елде Техникалық мәселелер жөніндегі бас кеңесші, Ұлттық жобалардың үйлестірушісі және Әкімшілік мәселелері жөніндегі көмекші кіретін болады. Сонымен қатар, ТСІ штаб-пәтерінде аймақтың өкілдігі үшін Аймақтық сауданы дамыту мәселелері жөніндегі кеңесші және Сауданы іске асыру жөніндегі көмекші қажет.

## **В. ЖОБАНЫ НЕГІЗДЕУ**

### **1. Жобаға қатысушы-елдердің даму басымдықтары**

Орта Азия мемлекеттері теңізге шығу мүмкіндіктерінің жоқтығымен және ішкі өткізу рыногының салыстырмалы түрде кішілігімен сипатталады. Халықаралық сауда мен жеке секторды дамыту, олар үшін жалпы экономикалық басымдықтар болып табылады. Бұл екі міндеттерді ойдағыдай шешу ішкі аумақтардағы кедейліктің төмендеуіне ықпал ететін болады.

Көп жақты сауда Жүйесінде (КСЖ) осы мемлекеттердің белсенді қатысуын олар адамзат тіршілігіне оңтайлы жағдай құру үшін жасалған аса маңызды қадам ретінде қарайды. Осы жобаның жоғарыда көрсетілген қосымшасындағы алты сала олар үшін барынша басым болып көрінеді. Әсіресе сауданың жеке іскерлікпен бірігу қажеттігі айрықша аталынады. Оған қоса, барлық елдер қоғамдық сектор мен жеке кәсіпкерлік (бұл ұғым ел жағдайына байланысты түрленгенімен) арасындағы тұрақты өзара қатынастар құру қажеттігін қалайды.

### **2. Қазіргі проблемалар**

Нарықтық экономика әсер ететін көптеген елдер саудадағы ғаламдасу мен ырықтанудан үлкен пайда табады. Мұндай экономикасы бар елдерге қосылу және адами тіршілік етуге қолайлы жағдайлар туғызу үшін Орта Азия мемлекеттері өтпелі шақ кезінде жалғаспалы түрде саяси реформалар жүргізіп, өзінің институттары мен инфрақұрылымдарын терең дамытуы, ғаламдасу экономикалық тәртібін қалыптастыратын процестерге қатысуы керек, сондай-ақ Үкімет пен жеке мемлекеттің осы елдердегі тиімді институциялық және адамдық ресурстары жан-жақты сауда Жүйесінде табысты әрекет етуіне жеткіліксіз болып отыр.

Өзін экономиканың әлемдік сауда жүйесіне біріктіруі үшін Орта Азия мемлекеттері

қуат жағынан нығайтып, сауда операцияларын ұлғайтулары керек, экономикалық ғаламдасудың бүгінгі үлгісін қалыптастыратын ережелерді жасауға қатысып, институциялық тетіктерді белгілеулері қажет. Ресурстық орталықтарды құру экономикадағы өмірлік қажетті ішкі реформаларды жүзеге асыруға, сондай-ақ өз рыноктарында нарықтық экономикасы туындап жатқан елдер үшін ашуға дайын индустриялық елдердің әрекет белсенділігіне ықпал етеді. Бүгінгі сауда кедергілерін жеке кәсіпкерлік арқылы көруге болады, ал жеке кәсіпкерлік пен қоғамдық сектор арасындағы өзара қатынас ауадай қажет.

Оған қоса, ұлттық экспорт және басқа да сауда процесіне қатысы бар салаларға енетін тиімді және оңтайлы сауда саясатын орнату керек. Мұндай процестерде толық және ішінара меншік мәселесі айқындаушы болып табылады. Бұдан өзге, ақша трансакциясының бағасын төмендетуге және көршілердің таныс экономика рыноктарында нарықтық және экспорттық тәжірибе алуға, ең бастысы халықаралық рыноктардың бәсекелік ортасына түсуге ықпал ететін экономикалық стратегияның аумақтық ауқымы туралы ойланған жөн. Мұндай стратегиялар барынша кең сауда бастамаларымен келісілуі тиіс.

Мына салалар шетел мемлекеттерімен экспорт және сауда жетістіктері үшін маңызды болып табылады:

(i) Сауданың ішкі аумақтық дамуы

- Дәстүрлі рыноктарды, әсіресе ТМД елдері бойынша көрші рыноктарды жоғалту өзі әлсіз экономикалық жүйені әлсіретіп жіберді;

- 1994 және 1997 жылдар арасында ішкі аумақтық сауданы басқа әлем саудасына қатысты үлесі 15%-тен 10%-ке кеміді. ІТС-тің алдын ала бағалауы бойынша аумақтың пайдаланылмаған сауда әлеуеті 1 миллиард АҚШ долларын құрайды;

- Ішкі аумақтық сауда мүмкіндігін айқындау үшін ашықтықтың жоқтығы;

- Қолда бар мүмкіндіктерді табуға, кәсіпкерлікті іскер кәсіпорынға айналдыруды ынталандыруға ықпал ететін институциялық тетіктердің әлсіздігі;

- Ішкі аумақтық сауданың дамуы мен дәстүрлі сауда қатынастарын қалпына келтіруді Орта Азия республикаларының жеке және қоғамдық секторлары маңызды міндет деп қарастырып отырғанда, нақты жағдай жоғарыда айтылған себептерге сай әрекетсіздік ретінде көрініп отыр.

(ii) Шетел саудасының сауда саясаты мен стратегиясы

- Барлық елдер аумағының шетелдердегі жан-жақты және тұтас сауда стратегиясының жоқтығы;

- Ел экономикалық жоспарлаумен және экспорттық бағдарламаларды дамытумен айналысады, бірақ тауарларды экспорттауда ірі бірлескен кәсіпорындардың нақты қатысуын күшейту қажет;

- Жеке және қоғамдық сектор арасындағы әрекетті өзара байланыс жоқ, ал жеке институциялар арасындағы қызметтерді үйлестіру деңгейі барлық елдерде нығайуы тиіс

;

- Қоғамдық және жеке ынтымақтастық тетігін қосқанда, практикалық жүзеге асырудың тетігі жоқ;

- Экспорттың рабайсыз әкімшілік рәсімдері;

- Бизнес пен сауда экспортын жүзеге асыру үшін оңтайлы ортаны дамытуға;

- Электронды сауда мүмкіндігін толық түсінбеу немесе жеткіліксіз пайдалану.

Барлық елдер ақпараттар мен байланыс саласындағы жаңа технологияларды өздерінің ұлттық сауда стратегиясын дамыту жобаларында тиімді пайдалануға тырысады.

(iii) Саудаға жәрдем жөніндегі институттардың инфрақұрылымы

- Институцияның тиімді инфрақұрылымы мен сауда және экспортты дамытуға арналған жалпы үйлестіру тетіктерінің жоқтығы;

- Шетел сауда технологиясының құзырлығын және сатып алуды дамыту, халықаралық рыноктарда жергілікті тауарлардың бәсекелестік бейімдігін арттыруға арналған сауда және экспорт саласында тиімді көмек және мамандандырылған қызмет көрсетуге бейімді кәсіптік және әкімшіліктік ұйымдардың жоқтығы;

- Сауданы инфрақұрылымдарды көліктік және басқа шаралардың жоқтығы.

(iv) Өнімдер мен рынокты дамыту

- Алымды рыноктар сапасының талаптарына сай тауарлар экспортының жоқтығы немесе жиынтықтарының шектеулігі. Экспорттарды тауарлар есебінен де жаңа рыноктар есебінен де әртүрлі ету;

- Басқару дағдысының жоқтығы және экспорттық әлеуеті бар жаңадан құрылған (немесе жаңадан жекешелендірілген) ШОБ жұмысына арналған білікті коммерсанттар мен кәсіпқой мамандардың жетіспеушілігі;

- Жұмыс капиталының жеткіліксіздігі және өндіріс пен құрал-жабдықтардың ескіруі

;

Көптеген кәсіпкерлер осы кезге дейін клиенттерді белсенді іздеуші емес, тапсырыс алушы немесе клиент талаптарын орындаушы ретінде әрекет етеді;

- Кәсіпкерлік пен бизнес саласында пайдалануға ықпал ететін сауда ақпараттары мен ілімдерінің жоқтығы.

(v) Көпжақты сауда мәселелері

- Дүниежүзілік сауда ұйымының (ДСҰ) келісімдері туралы ілімнің жоқтығы және іскер орталардағы осы білместіктің зардаптары. Бұл аспект күн өткен сайын маңызды бола түсуде, өйткені көптеген елдер, сондай-ақ олардың көршілері (мысалы, Қытай) жақын арада ДСҰ-ның мүшесі болмақ;

- Көпжақты сауда жүйесіне жанама жүретін пайда мен тәуекел етушілік туралы ілімнің жоқтығы;

- Орта Азияның шағын және ірі кәсіпорындарының өткен кездердегі әлемнен оқшаулану салдарынан ДСҰ және КСЖ туралы ұғымдары тым жүдеу. Осының салдарынан өз ұлттық экономикасына өмірлік маңызы бар - тоқыма, киім, ауыл

шаруашылығы сияқты салалар үшін үлкен рөл атқаратын ДСҰ шарттарының мағынасын бағалауға шамалары жетпейді;

- Саудаға жәрдемдесу институты TSI сияқты Ұйымдар КСЖ ұстап тұра алмастай әлсіз. Бұл барысындағы ілімдерді жинақтап, оларды тарату мүмкіндіктерін жасау.

(vi) Сатып алу және жабдықтау жүйесін басқару

- Материалдық құндылықтарды сатып алу және басқару олардың сапалық, сандық және сенімділігі мен бағасы турасында кәсіпкерлердің жалпы проблемасы болып табылады;

- Аймақтың барлық елдерінің теңізге шығуға мүмкіндіктері жоқ болғандықтан жабдықталу жүйесі мен жеткізу тізбектерін жақсарту аса маңызды проблема болып табылады;

- Ұлттық экспорттың бәсеке бейімділігінің тиімділігін арттыруға ілгерінді ықпал ету және жеке секторды жедел жабдықтау туралы ілімнің жоқтығы;

- Жеке секторды жабдықтау әдістерінің тиімділігі мен жеделдігін арттыру бойынша кеңестердің қажеттігі;

- Оқу құралдары мен кәсіпқой оқытушылардың жоқтығы, кәсіптік қызметті болжаудың құралдарын білмеу және әсіресе ШОБ үшін халықаралық рыноктардағы жабдықтау жүйесі туралы ақпараттың жоқтығы;

- Институцияның дайын еместігі, олардың ұлттық ауқымда жабдықтау жүйесін кәсіптік басқаруды ұйымдастыруға уақытылы әрекет етуі және көмек көрсетуге бейім еместік.

(vii) Қоғамдық секторды қамтамасыз ету

- Мемлекеттік шығыстардың құндылығын қысқартатын қоғамдық секторды қамтамасыз ету жүйесінің ашық еместігі;

- Қоғамдық секторды басқарудың тиімді жүйесінің жоқтығы ДСҰ-на кіруді қиындатуы мүмкін;

- қоғамдық сектордың кәсіптік мамандары мен сатып алушылардың және оқу инфрақұрылымының жоқтығы;

- Қоғамдық жүйе қызметінің тиімді үлгілерінің жоқтығы.

(viii) Сапаны басқару

- Бүгінде аумақтың өнеркәсіптік өнімдерінің басым көпшілігі алымды рыноктардың тіршілігін реттейтін сапа талаптарына жауап бермейді. Жалпы алғанда әлі де ескі кеңестік қалыптарды пайдаланады;

- Жергілікті өндірушілерге жоғарғы сапалы және әлемдік қалыптарға жауап беретін енбелі өнімдер тарапынан болатын зор қысым;

- Сапаны дамыту жөніндегі бағдарламаның жоқтығы, сапаны жақсарту бойынша әрекеттерді жоспарлау, ұйымдастыру, үйлестіру және орындауға қажетті ілімдердің жеткіліксіздігі;

- Мемлекеттер Бұрынғы Кеңестер Одағында қолданылған бағаны айқындау жүйесін



мұра етіп алды. Бұл ішкі аумақтық саудаға ықпал етуімен, ТМД-ның сыртындағы саудаға кедергі жасайды және ауқымды аренадағы экспортқа мүмкіндік бермейді;

- Оған қоса импортталатын тауарлардың шетелдерде қабылданған нормалары мен сертификатталуы ТМД елдерінде қабылданбаған, осыған байланысты жергілікті сертификациялау органдары кіргізілетін тауарларға қайта сертификаттау жүргізеді;

- Қайта сертификатталатын болғандықтан тауарлар тізімі үнемі өзгеріп отырады, сондықтан аумақ елдеріндегі сауда ахуалы ашық емес;

- Мемлекеттік стандарт, оның ішінде халықаралық стандартқа қатысты салаға қызметшілердің, сондай-ақ құнды айқындау жүйесіндегі өзара мойындаудың қазіргі ілімдерін жаңарту қажет.

#### (ix) Сауда туралы ақпарат

- Аумақ мемлекеттерінің Үкіметтері өз елдерінің іскер топтарына сауда ақпаратын жеткізу мәселесіне қызығушылық білдірді. Бұл қызығушылық халықаралық саудамен айналысатындар шешім қабылдауда ақпараттар рөлінің маңызын мойындағандықты көрсетеді.

- Сауда ақпараттарын қазіргі қолда бар тарату және жеткізу құралдарының өспелі жеке секторды халықаралық сауда туралы ақпараттармен қызмет көрсетуге мүмкіндігі жеткіліксіз;

- Осы ақпаратқа қолда бар сұраныс пен оны тарату қызметі жеткілікті түрде дамымаған. (Бұл 2000-2001 жылдары Қазақстан мен Қырғызстанда жүргізілген ІТС зерттеулері арқылы да, 2001 жылы маусым айында Санкт-Петербуркте ІТС аясында өткізілген және сауда ақпаратын басқару мәселесіне арналған семинарда бұл расталды. Қырғызстан мен Қазақстанның мамандары халықаралық сауда ақпараттарын тарату қызметтерін нығайтудың қажеттілігін растады).

### **3. Басқа да донорлардың осы саладағы қазіргі және жоспарланып отырған көмегі**

Орта Азия мемлекеттері сауда саласындағы бірнеше донорлар көрсеткен техникалық жәрдемнің пайдасын көруде. БҰҰБД (БҰҰ Бағдарламасын дамыту), АДБ (Азия Даму Банкі), ЕЖДБ (Еуропалық Жаңарту және Даму Банкі) және басқалар аймақтық деңгейде, осы уақытта Халықаралық Қаржы Корпорациясы сияқты Бағдарламалар (Швейцария ХҚБ пен шарт бойынша), Техникалық жәрдемдесу жөніндегі неміс орталығы (ТЖМО), ЮСАИД (халықаралық сауда жөніндегі АҚШ агенттігі), ТАСИС-ЕС және басқалар ұлттық деңгейде, сонымен ішінде және шекара арқылы сауда мәселесі бойынша жұмыс істеуде. Алушы елдер өзінің тәуелсіздігін тек 10 жыл бұрын алғандықтан олардың техникалық көмектері тек, сауда құқығының негізін құруға және жеке секторды дамытудың макро деңгейге бағытталған. Жоғарыда айтылғандарға байланысты донорлар қызметінің модульдері былайша жүзеге асырылады:

#### **3.1. 1-модуль: Сауданың ішкі аумақтық дамуы**

Осы уақытта бір де бір донор ұйымдары таза бизнесті нығайтуға бағытталған сауданың ішкі аймақтық даму әдістемесі мен тәсілін қолданбайды. ЮСАИД, ТАСИС-ЕС, ХҚК (агробизнес саласында) және ТЖМО аз дәрежеде шекара арқылы сауданы ынталандырумен шұғылданады, ішкі аймақтық сауда мәселелері тәжірибеде олардың жүйелі әзірлеулерінің, яғни деңгейлік қол жеткізілген болжалды нәтижелердің мәні болып табылмайды. ТРАСАКА-ЕС, БҰҰБР, АДБ және ЕЖДБ жанындағы "Жібек жолы аймағын дамыту" Бағдарламалары сауда қаражаттарын және т.б. кедендік үйлестірудің мәселелері енетін макро деңгейдегі сауданы дамытудың проблемаларымен айналысады. Шекаралық Бағдарламалар, ал аймақтық ауқымда емес, бір мемлекеттің проблемалар көзқарасы тұжырымынан құрылады. Бұл басқа да себептерден өзге екі жақты негізіндегі донор ұйымдарының жұмысына байланысты. ІТС БҰҰ ретінде өзінің жақты қызметін аумақтық бизнеспен жеке секторға өзі енетін және соған бағдарланған міндеттердің кең көлемімен жабдықтай алар еді.

Бағдарлама жұмысының ауқымын кеңейтудің мүмкіндігі табылды және vis-avis с ЕЖДБ және БҰҰБД терең талқылады.

Қазір ІТС ЭЫҰ (Экономикалық ынтымақтастық ұйымы) Хатшылығымен бірлесіп ЭЫҰ мүше-елдерінің саудаға ықпал ететін және нығайтатын бизнесті дамыту жөніндегі жобаны жүзеге асырады. ЭЫҰ мүше-елдердің іскер адамдары бас қосқан осы жоба шеңберіндегі (тоқыма және киім саласында) Сатып алушылар-Сатушылардың бірінші кездесуі 2001 жылы қазанда болды. Барлық Орта-азия елдері ЭЫҰ бағдарламасының мүшелері болып табылатындықтан, осы жобаның тәжірибесі мен нәтижесі осы құжатта көрсетілген.

### **3.2. 2-модуль: Шетелдік сауданың стратегиясы - электрондық сауданы қоса алғанда, ұлттық экспортты дамыту**

Екі ел үкіметі көмек көрсетіп, кеңес беретін серіктерді іріктеумен айналысып жатыр, егер көмек нақты нәтижеге жетуге бағытталмаса одан дереу бас тартады.

### **3.3. 3-модуль: Сауданы дамытуға ынталандырылған (Trade support institutions, TSI) институтын енгізіп көп жақты сауда жүйесіне (КСЖ) байланысты жүзеге асыру үшін шағын және орта бизнес (ШОБ) ресурстық орталықтарын құру**

ЮСАИД ДСҰ-на кіру жөніндегі техникалық кеңестерін ұсынды. Бұл уақытта кеңестерді Қырғызстанға ұсыну оның осы ұйымға кірген соң да жалғастырылуда, Қазақстан мен Өзбекстан үкіметі ЮСАИД-тан мұндай кеңестер алуға енжар тілек білдірді. Бұның орнына Қазақстан БҰҰБД-ға ДСҰ-на кіру жөнінде техникалық көмек көрсетуі тілек білдірді - оның айғағы ел ДСҰ-на және КСЖ қатысуы аса маңызды мүшелік деп санайды. Алайда, БҰҰБД-да ақша қорының болмауына байланысты мұндай көмек көрсете алмады. Бірақ осындай тілекпен АБР-ға Өзбекстан үкіметі

ықылас білдірді. АДБ тек жартылай оған өзінің аймақтық жобасының шегінде қамтитын және ДСҰ-на мүшелік мәселелерін шақыра алды. Осы барлық елдерде ТАСИС-ЕС елдердің екі жақты әріптестігінің келісімі шегінде ДСҰ туралы білімін игеруге кейбір жәрдемдесулерін ұсынады. ШОБ дамыту аймақтағы барлық дәнекер үшін басымдылық болып табылады. ЮСАИД, ТАСИС-ЕС және ТЖМО үш елдердің ШОБ-қа бағытталған жаңа жобаларды жүзеге асыруға кірісуін жоспарлайды немесе жүзеге асырады. Осы уақытта экспорт өздігінен бүгінгі Бағдарламаның бас мақсаты бола алмайды, оның болашақта дамуы сыртқы рыноктарда аз мөлшерде алынып тасталмайды. Сонымен, ТАСИС-ЕС және ЮСАИД ШОБ-ты дамытуға жәрдемдесуді болашақта шекара арқылы сауданы дамытуды ұсынады. ШОБ-ың дамытудың жаңа жоспарын жақында ТАСИС-ЕС Қырғызстанда бастады. Осы жоспар тек елдердің үш облыстарында (Шу, Талас, Нарын) іріктелген кәсіпорындармен тікелей жұмыс істейді. Экспортты дамытудың жан-жақты тәсілдерін көздейді. Қырғызстан және Өзбекстанға арналған жоспарлардағы тікелей кәсіпорындарға және тоқыма, киім және тамақ азық-түлік саласындағы секторалдық байланысын дамытуға көмекке шоғырланады, экспортты дамытудың жекелеген жақтарын әзірлейді. Қазақстанда ТЖМО ішкі тұтынулар үшін өнімдер шығаруға бағытталған ШОБ-ке көмек көрсетеді және шетелдерімен сауданы дамытуға байланысты оның екі жақты бағдарламаларын міндет е т і п

қ о й м а й д ы .

ХҚК және Швейцария арасындағы келісімінің шеңберінде ХҚК Қырғызстан, Тәжікстан, Түрікменстан және Өзбекстанда (ШОБ ерекшелігінде) жеке секторды дамытуды жоспарлайды. Оның міндеті батыс инвестициялар үшін қолайлы ортаны дамыту болып табылады, бұл жағдайды жекелеген индустрияның ерекшелік проблемаларына (мысалы, тау-кен өңдеу өндірісінің басқару жүйесіне), сонымен қатар бизнестер үшін ақпаратқа қол жеткізу және қызмет көрсету аясын жақсартуға көңіл бөлінеді. ХҚК көмегі тұтастай бизнесті басқару және машықты енгізуге байланысты жеке секторының техникалық проблемасын шешуге бағытталған. ХҚК бизнесті енгізу ережесі бойынша кепілдемелерді өндіру үшін Өзбекстандағы базистік проблемаларға зерттеулер жүргізеді. Тәжікстандағы ХҚК-ның фермерлік меншік мәселелерімен шұғылданады. Ол Өзбекстанда жергілікті кеңесшілерді оқытуды және жобаның барлық қатысушы-елдерінде "жалдау индустриясын" құруға көмек көрсетуді жобалайды.

ШОБ үшін несиелендіру жүйелерін дамытумен ЕЖДБ, АДБ және ИДБ (Ислам Дамыту Банкі) шұғылданады. Ондағы жеңілдік несиелердің бөлінуін (немесе төленуді) қамтамасыз ету мақсатында әр елдердегі бизнес мәселелері жөнінде техникалық көмекті банктер және орталықтармен көрсетеді.

ІТС Қазақстандағы (тоқыма саласы) және Қырғызстандағы (тамақ өнімдерін өңдеу) кәсіпорындарға тікелей көмекті жүзеге асыра отырып, аймақтық ШОБ кәсіпорындарына бағытталған Бағдарламаларды жүзеге асырады, одан өзге, ІТС Қырғызстан мен Қазақстанда ел масштабында ДСҰ-ның мәнін және оның жұмыс істеу

әдісін ұғыну үшін жағдай жасауға бағытталған "Дүние жүзілік сауда жүйесі" деп аталатын Бағдарламаны бастады.

### **3.4. 4-модуль: Жеке және қоғамдық секторды қамтамасыз ету**

Экспортты ұлғайту (жеке секторды қамтамасыз ету) үшін сатып алу және жабдықтауды жүйелеуді басқару мәселесі аймақтық донорлардың назарынан тыс қалады. Кейбір көмек көздерін іздестіру мәселелерінде жеке ШОБ-қа жәрдем көрсетіледі. Алайда, осы мәселелердің құрылымдық және жан-жақты тәсілдер әзір жоқ.

ХҚК басқару жүйесін дамыту мәселесінде тау-кен өндіру өнеркәсібі саласындағы ШОБ-пен шұғылданатын қырғыз кәсіпорындарына көмек көрсетуді жоспарлайды. "Жеке кәсіпорындар әріптестігі" (Private Enterprise Partnership, PEP) Бағдарламасы шеңберінде ол осы өнеркәсіптің жабдықтау жүйесін дамыту үшін техникалық көмек көрсетуді де жоспарлайды. Осы Бағдарлама Kumtor Operating Company үшін қажетті тауарлар мен қызмет көрсетулерді өндіруге бейім жергілікті компанияларға қаржы көмегін ұсыну үшін құрылған, Kumtor Operating Company және ХҚК компаниясының қ о р ы м е н қ а р ж ы л а н д ы р ы л а д ы .

ЮСАИД аймақтың жабдықтау проблемасына қатысты 4 ел аумағында (Түрікменстан олардың қатарына кірмейді) Бағдарламаны жүзеге асырады. Олардың қызметі айтарлықтай алға жылжыған жоқ. Алайда, ДСҰ-ға қабылдау кезінде "Үкіметтің қамтамасыз ету туралы келісім" қоғамдық секторды жабдықтауда ескерілетін м а ң ы з д ы т а р м а қ б о л а д ы .

Осындай бірнеше жыл бұрын Дүниежүзілік банкі Өзбекстанда мемлекеттік сатып алу туралы заңын әзірлеуге көмек көрсету үшін US 160,000 \$ мөлшерінде "Институциялық дамыту қоры" грантын ұсынды. Осыған байланысты Банктің есеп беруінің дайындығы жөніндегі жұмысы 2001 жылдан басталды.

### **3.5. 5-модуль: Сапалық басқару**

Барлық донор ұйымдардан басқасы тұтастай аймақтық елдердің өнеркәсібін және жекелей алғанда экспорттық жүйені дамыту үшін экспортты сапалық басқарудың мәселесін маңызды міндет деп санайды. Көпшілігі осы проблеманы өзінің техникалық көмек стратегиясына енгізді. Алайда, бір де бір миссия Бағдарламада экспорт проблемасының негізделген, фокустанған тәсілін анықтаған жоқ.

Қырғызстанда ТАСИС-ЕС стандарттау жөніндегі органдардың онда ISO нормаларын енгізуге көмек көрсетуге өтініш алды. Көмек көрсетілген жоқ. Малайзия Үкіметі Қырғызстанның стандарттау жөніндегі органдарына ISO 9000 тіркелуіне көмек кө р с е т у д і ж о с п а р л а п о т ы р .

Дүниежүзілік банк Өзбекстанда экспортқа арналған мақта жүйесін жақсарту үшін заем ұсынды. Өзбекстан Үкіметі АДБ-не институционалдық деңгейдегі халықаралық стандарттарды енгізуге көмек көрсету туралы өтініш білдірді.

### **3.6. 6-модуль: Сауда ақпараты**

ТЖМО, ТАСИС-ЕС және ЮСАИД жүзеге асырылатын ШОБ-ты дамыту жөніндегі кейбір ұлттық жобалар, ондағы қажетті нақты бизнестердің ерекшелік қажетіне байланысты пайда болатын, сауда туралы ақпараттармен жабдықтайды. Осы ақпарат жиі нақты рынокке (мысалы, ТЖМО жағдайында осы рынок Германияныкі) немесе тек өзінің ішкі рыногына қатысты болады. Аймақтағы елдердің ақпарат көздері шашырылған және кәсіпкерлер мен бизнестерге сауда ақпараттарын ұсынатын бірыңғай ұлттық қызмет жоқ.

Әртүрлі модульдегі донорлық қызметтің жалпы көрінісін 1 Қосымшадан табуға болады.

Бағдарламаны іске асырудың екінші кезеңінде ХҚК, осы ХҚК мен Швейцарияның серіктестігі туралы келісімге сәйкес әзірленген, ХҚК-нің ғаламдық интернетінің аспабы. Бейімделген тілдік нұсқасы Бағдарламасының тұсаукесерін жоспарлап отыр.

## **4. ІТС Салыстырмалы әзірлеулер**

### **4.1. 1-модуль: Ішкі аймақтық сауданы дамыту**

ІТС ішкі аймақтық сауданы дамыту жөнінде өзінің бірлескен ОЭС және мемлекетаралық кеңес Атқарушы комитетінің қызметіндегі курсында аймақпен және Бағдарламаның қатысушы-елдерімен танысты. Нақты трансакция мүмкіндіктері бар оның аударма тұжырымдамасы көптеген әлемнің көптеген елдерінде ойдағыдай қолданылады. Бұл тұжырымдама осы аймақтың тұтынуына қолданылады. Оған қоса, ІТС ЕСО бірлесіп, осындай жинап, қорыту нәтижелері бар қатарлас бағдарламаны жүзеге асыруда.

### **4.2. 2-модуль: Шетелдік сауданың стратегиясы - электрондық сауданы қоса алғанда, ұлттық экспортты дамыту**

ІТС халықаралық сауданы жақсартуға бағытталған тиімді институционалдық инфрақұрылымды дамытудың әртүрлі елдерімен және әріптестерімен ынтымақтастықта 35 жылғы тарихы бар. Оның өкімінде экономика дамыту, дамушы және өтпелі талдауынан алынған экспортты жоспарлаудың ең табысты тәжірибесіне салыстыра талдаудың бірыңғай жүйесінің жиыны бар. (Жақында ІТС және SECCO өткізген жыл сайынғы форумдар үшін дайындалған). Соңғысы ІТС экспорт рыногы бойынша салыстыру және талдаудың мүмкіндіктеріне (мысалы, Сауда картасы) ие және сауда индустриясының қызмет көрсетуін ұсыну саласында ең ірі экспорттер болып табылады.

### **4.3. 3-модуль: Сауданы дамытуға ынталандырылған (Trade support institutions, TSI) институтты қоса алғандағы, көп жақты сауда жүйесімен (КСЖ) байланысты жүзеге асыру үшін ШОБ ресурстарының орталықтарын құру**

ДСҰ-ның еншілес ұйымы ретінде және бұрынғы Тариф және сауда жөніндегі бас келісім (ТТБК) бойынша ІТС міндеттері ДСҰ-ның келісімі түсінігін іскер ортаға көрсету және оны әлем бизнесіне, Көп жақты сауда жүйесіне (КСЖ) қолдану, сондай-ақ оның халықаралық рыногте бәсеке қабілетін жақсартуға көмек көрсету болып табылады. Онда ғалама Дүниежүзілік Сауда Электрон Жүйесінің жобасы, басылымдар, бизнес әлемін пайдалануға арналған арнайы келісулер, саудаға және тікелей кәсіпкерлікке көмек көрсету міндеттерді шешу үшін ІТС әртүрлі үлкен тәсілдер мен инструментарилер қолданылады.

Өзінің ДСҰ-ға жақындығы және сауданы және экспортты дамытуға мамандандырылған БҰҰ ұйымы болып табылатын факті арқасында ІТС-тің айрықша шағын және орта мөлшердегі, сондай-ақ көп жақты сауда қатысындағы мәңгі өзгеретін әлемде өзінің тіршілік қабілетін жақсартуға тырысатын өтпелі кезеңнің елдері мен экономикасының бизнесіне құзырлы және бірегей көмек тәжірибесі бар.

#### **4.4. 4-модуль: Жеке және қоғамдық секторды қамтамасыз ету**

(i) 4.1-кіші модуль: Сатып алу және жеткізудің басқару жүйесі ІТС Орталық және Шығыс Еуропа (СЕЕ) елдерінде жиналған сатып алу институттарын дамытуда және бәсеке қабілетін жақсартуды қамтамасыз етудің көп жылдық тәжірибесі бар. Сатып алуды және материалдарды басқаратын (SVME) швед Ассоциациясымен бірлесіп, ІТС мамандандырылған институттар қажетіне жауап беретін және әрбір ұлттық контексте пайдалануға болатын жалпы оқу құралдарының жана сериясын әзірледі. Бұрын швед үкіметі орыс тіліндегі құралдарды аударатын және СЕЕ елдері үшін орысша сөйлейтін мұғалім кадрларын дайындау міндеттемелері кіретін Бағдарламаны қаржыландырды. ІТС олармен бірге орыс тілінде аударылған құралдарды, сондай-ақ осы Бағдарлама олар әзірлеген кадрларды пайдалануды жоспарлайды. ІТС институт өзінің әлеуетін дамытуға көмектесетін басқаруды дамыту жөніндегі педагогика, андрогогика және семинарларды жүргізуде қазіргі заңнамаға жүйелі бай тәжірибесі бар. Бағдарламаны іске асыру курсына ұлттық институттар ұсынатын оқу материалдарының ішінде мыналар болады: ІТС басып шығарған сатып алу және жабдықтауды басқару жөніндегі модульдік оқыту жүйесі-құралы, ІТС-тің ақпарат банкі, интернетті қолдау жөніндегі торап, сондай-ақ осы сала бойынша іргелі еңбектер, тематикалық модульдар, техникалық және диагностикалық басшылық. Әрбір институтқа ақпараттың өнімдермен және қызметтермен танысуға мүмкіндік береді.

ІТС даму елдері мен экономикаға өту кезеңінің тұтастай айтқанда, ақпараттық және диагностикалық инструментарияларын, техникалық Бағдарламасын әзірлеуде кең көлемде әртүрлі оқу құралдарын дайындаумен шұғылданды. Осыған сауданы дамытуға ынталандыратын мұғалімдерді дайындау, кәсіпкерлерге және институттарға кеңес ұсыну әртүрлі елдер мен аймақтарда сенімді жүйе көмегін белгілеу, сондай-ақ сауданы дамыту жөніндегі ұйымдармен экспорт институттарының интеграциясы жатады. ІТС

өзінің ынтымақтастығын аймақтағы халықаралық ұйымдармен (ЮНИДО) өндірісін дамыту жөніндегі БҰҰ ұйыммен, сауда және (ЮНКТАД) дамыту жөніндегі БҰҰ Конференциямен, (ИСО), ДСҰ-ның Стандарттау жөніндегі халықаралық ұйымы, өзінің Бағдарламасын іске асыру және Бағдарлама қатысушыларының пайдасы үшін Азия даму банкімен жұмыс істеуін жалғастырады.

(iii) 4.2-кіші модуль: Мемлекеттік қамтамасыз ету

ІТС әртүрлі әлем аймақтарында мемлекеттік сатып алу саласында техникалық көмек көрсету жөнінде Бағдарламаны іске асыруда тәжірибесі бар. ІТС мемлекеттік қамтамасыз ету секторы үшін әртүрлі оқыту Бағдарламаны іске асырумен шұғылданады. Бұл дайындау, мемлекеттік қамтамасыз ету органдарының қызметшілерін оқыту, жаттықтырушыларды дайындау және жаттықтырушылар мен тренинг қатысушылар үшін аудио және визуалдық материалдық оқулықтарды қоса алғанда, мемлекеттік қамтамасыз ету саласында оқыту материалдарының кең көлемін әзірлеу.

Көптеген біздің Бағдарламалар Дүниежүзілік банкпен, аймақтық банкпен, БҰҰБД, техникалық және қаржы көмектерін көрсету жөніндегі агенттіктермен жүзеге асырылды.

ІТС техникалық ынтымақтастық бойынша қызметті қолдау жөнінде бірнеше инструменттер мен материалдарды әзірлейді және қолданады. Мұнда Мемлекеттік Қамтамасыз ету Жүйе бойынша қысқа басшылыққа алады, елдер мен компаниялар әртүрлі аспект жүйелерін, Тендерлік Құжаттардың Үлгілерін және қамтамасыз ету мен жабдықтау жөнінде менеджерлердің машықтарын дамытуға қолданылатын, Қамтамасыз етуді оқыту (МҚОЖ) жөніндегі Мемлекеттік Жүйені салыстыруға мүмкіндік береді.

#### **4.5. 5-модуль: Сапаны басқару жөніндегі инфрақұрылым құру**

Ғаламдық сауда ортасында агенттіктерді реттейтін техникалық талаптардың экологиялық шығынынан аман болу үшін азаматтардың денсаулығын және қауіпсіздігін қорғауды қамтамасыз ету байқалды. Тұтынушылар талаптанатын экологияның дамуын, адамдар, жануарлар мен өсімдіктерді қорғау жөніндегі санитарлық және фитосанитарлық шараларды сақтауды, сауданы қорғауды қамтамасыз етеді. ТВТ техникалық барьері бойынша ДСҰ келісім, сондай-ақ техникалық талап пен санитарлық және фитосанитарлық шараны (SPS) қамтамасыз ету үшін құрылымды санитарлық және фитосанитарлық шара бойынша құрылым ұсынады, халықаралық стандарттарды пайдаланудың талабымен саудаға қажетсіз барьерлар жоқ, оның негізінде SPS реттейтін нормативтік құжаттар мен шаралар бар. Тіпті техникалық ереже мен SPS экономикасы ауыспалы елдің экспортерлері үшін халықаралық стандартқа негізделген олардың өнімдерімен бұл талаптарға қиын да және қымбат жауап береді. Алайда, Орта Азия елдеріндегі маңызды стандарттар үшін баламалылық

инфрақұрылым мен өнім стандарттарын дамытуға қатысу және әсер етуге тиісті баға беруді жүргізу (ондағы олар мүдделі) және өндірушілерге/экспортерлерге олардың өнімдерінің техникалық талаптарын, стандартын және SPS шарасының сәйкестігін демонстрациялауға мүмкіндік береді. ІТC ДСҰ-ның еншілес кәсіпорыны болып табылады және ISO тығыз ынтымақтасады, осындай инфрақұрылымды белгілеу жөнінде Орта Азияда жұмыс және сараптау жүргізудің айтарлықтай тәжірибесі бар.

Экспорттық сапамен басқару жөніндегі қызмет экспорттың жылжыту және бірегей тәжірибеде негізделген және даму елдердегі ең үздік практикасын және өтпелі кезең экономикасы бойынша Стандарттауда, Сапаны Сақтандыруда, Тіркеу және Метрологияда пайдаланудың тұтастай тәсілі бар. Жарияланым мен құралдар стандарттарының қазіргі практикасы мен сапалы ақпаратын ұсынады, стандарттарға қатысты және бағаға сәйкес сауда процесстерін күшейтуге талап етеді, мысалы, Сапалы Экспортпен Басқару жөніндегі Жәрдемдер және Сапа бойынша Экспортерлер Жәрдемі. ТВТ бойынша оның ұлттық агенттіктерін дамыту және нығайтудың ІТC стандарттарын қайта қарау және инфрақұрылымын бағалауда бірнеше африка елдеріне көмек көрсетті. Жобада қаржыландыратын клиентпен ІТC Ұлыбританияның Тіркеу Қызметінен кредит алуға, Азық-түлік Сапасын және Абу Даби Муниципалдық Қоршаған Ортасын бақылау бойынша Лабораторияны ұсынуға мүмкіндік берді. ІТC "ТВТ және SPS және оларды іскер қоғамдастыққа тарту жөніндегі ДСҰ-ның келісімі" тақырыбы бойынша бірнеше семинарлар жүргізілді.

#### **4.6. 6-модуль: Сауда ақпараты**

ІТC ақпараттық жүйелермен және құралдармен басқаруды зерттеу және оқыту методологиясын әзірлеуде, даму елдері мен өтпелі экономика елдерінде сауда ақпаратын басқару жөнінде шешімдер әзірлеуде кең тәжірибесі бар. Осындай шешімдер әр елдердің өзіндік талаптарына тез шешім қолданылады, ақпараттық процесті тұтынудың алғашқы бағасын және ақпараттық қызмет мониторингісін жоспарлау процесіне дейінгі мүмкіндіктер береді.

Орта Азиядағы донор қызметімен танысу үшін 1 Қосымшаны қарау.

### **С. БАҒДАРЛАМАНЫҢ СТРАТЕГИЯСЫ**

Бағдарламаның негізгі мақсаты сыртқы саудадағы бес қатысушы-елдердің қатысуын дамыту, әр түрлілендіру және кеңейту, әсіресе аймақаралық сауданың көп жақты сауда жүйесіндегі бәсекеге қабілеті мен интеграциясы болып табылады. Бұның барлығы сыртқы сауда стратегиясының саласындағы институционалдық деңгейдегі саудаға көмек көрсететін қызметтерді, кәсіпорынды дамытуды қолдайтын қызмет, жеке секторды басқару, сапалы экспортты қоғамдық жабдықтау мен басқарудың техникалық көмегі а р қ а с ы н д а м ү м к і н .

Көп жағдайда осы саладағы ІТC аймақтарға (және тұтастай ТМД) техникалық



жәрдемдеседі, осы себепті ұйымдар, айтылған елдердегі салалар қажеттілігі мен әлеуетін біледі. Одан әрі ІТС аймақта бұдан да кең аспектіде қолданумен Шығыс-Шығыс - аймақаралық сауданы дамытуға сәйкес мақұлданған методологияларға ие.

Бірақ, Бағдарламаны іске асыру кезінде қажетті әрі қарай бағалауы бар және/немесе алты Бағдарлама модулін ұсынған және екі мақсатты елдер (Тәжікстан мен Түрікменстан) ұсынған қоғамдық және кейбір жеке секторлар сұранысының негізінде қажеттілігі бар.

Демек, Бағдарламаның екі кезеңінде жүзеге асырылуы болжанады. Жоспарланады, бірінші кезең техникалық ынтымақтастық маңызынан және бұдан әрі таңдап алынған модульдер мен елдердің тұтыну негізінен, екінші (негізгі) кезең Бағдарламаның құрам мәніне жақсы икемделген беталысынан тұрады. Бұл екінші кезең үшін қаралған жұмыс жоспарында бейнеленген.

Аймақта мүдделі үкіметтермен тығыз ынтымақтастықта әзірленген қызметті жүзеге асыру жөніндегі Бағдарлама, үкіметтің сеніміне қолайлы.

Барлық Бағдарламаны жүзеге асыру тиімді болу тиіс. Жіберу нүктесі мен қол жеткізуді анықтау, аймақта тұтынушылардың жағдайын және туындауын өзгерткен жағдайда Бағдарламаның модульдерін тиімді бейімдетуге жәрдемдеседі.

Жалпы айтқанда, нақты байланыс пен біріге әрекеттену, ұлттық және аймақтық деңгейде іске асыратын қызметке оң әсерін қамтамасыз ету үшін алты модуль жүзеге асырылуы тиіс. Негізгі кезеңдегі бірігудің әрекет етуі қамтамасыз ету жөніндегі тәсілдер бірінші кезеңде мұқият әзірленуі тиіс. Негізгі біріккен әрекеттер бір модульде жүзеге асыруда анықтаған қажеттілік пен қызметтерді есепке ала әзірлену тиіс. Мысалы, аймақаралық сауданы дамыту және/немесе оларды басқа Бағдарламада жалғастыру үшін сыртқы сауда стратегиясын дамыту. Мысалы, кәсіпорындарда шағын және орта бизнеске (ШОБ) және/немесе сапалы басқаруды жүзеге асыру үшін ресурс орталығына және/немесе сауда немесе басқа сала бойынша өзіндік ақпаратты ұсынуға тікелей көмек көрсету. Жұмыс істеген кәсіпорындарға тікелей көмек барлық модульдерде жүзеге асырылады, яғни сол КСЖ түсінігіне, өнімдер сапасын жақсартуда және өзінің жеткізулерін басқаруда кәсіпорындарға, экспорттық маркетинг және т.б жөніндегі сыртқы және ішкі стратегияны жүзеге асыруға көмектеседі.

Бағдарланған қызметті жоспарлау және іске асыруға сәйкес мемлекеттік әріптестік-ұйымдар мен коммерциялық кәсіпорындарды және қатысушы елдердің ұйымдарында тығыз ынтымақтастықты жүзеге асыру. Аймақ деңгейіндегі жұмыс Мемлекетаралық Кеңесінің Атқарушы Комитетімен тығыз ынтымақтастықта жүзеге асырылады. Толықтыру қағидасын ұстану керек, яғни бенефициарға ең жақын орналасқан мүмкіндігінше төменгі звеноның мүмкіндігі жөніндегі міндеттемелерді табыстау. Қазіргі ақпарат және коммуникациялық технологиялардың Бағдарламасын жоспарлау және іске асыру кезеңінде барынша мыналармен кірістіру тиіс: вебсайт,

бейне-конференция және басқалар.

Бағдарламаны іске асыру барлық бес елдермен қатарлас басталуы тиіс жорамалданады. Алайда, жоспардың ең шынайы басталуы мен жандандыруы үш елдерде - Қазақстан, Қырғызстан және Өзбекстан, ондағы ІТС миссия болған елдің ерекшелігін жақсы біліп және орнатылған байланыстың болуымен техникалық Бағдарламаны жүзеге асырады.

Тәжікстан мен Түркменстан сияқты екі басқа елдер, ең басынан Бағдарламаны іске асыруының қатысуына шақырылуы мүмкін, егер, саудаға қатысты салада техникалық көмек көрсетуге күйгелек жағдай мен мүмкіндігінің болмауына шынайы қараса, яғни жобаларды іске асыру үшін осы елдерді тартудың мүмкіндігі ең кейінгі кезеңде қарастырылған.

Орта Азияда ұлттық және аймақтық деңгейде сыртқы сауданы дамытудың саласында бірнеше қатар жобалар жүзеге асырылады, ол әртүрлі халықаралық ұйымдармен қаржыландырылады. Бағдарлама Орта Азияның сыртқы саудасын дамыту жөнінде қолданыстағы Бағдарлама қызметін үйлестіру және осы мақсатта ІТС мәселе бойынша мүдделі донорлармен белсенді кеңеседі.

